
**«Altyn Bank» Акционерлік қоғамында
(China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі)
инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды ішкі қадағалау ережелері**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Altyn Bank» Акционерлік қоғамында (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі) инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды ішкі қадағалау ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Эмитенттің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашып көрсету қағидаларын және талаптарын бекіту туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, «Altyn Bank» Акционерлік қоғамының (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес ұйымы) (бұдан әрі – Банк) ішкі нормативтік құжаттарына сай әзірленген және Банктің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын, егер осы ақпарат Банктің мүліктік және қаржылық жағдайының салдарына байланысты Банк шығарған (ұсынған) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер етуге қабілетті болса, ақпаратты ашудың тәртібі мен талаптарын айқындайды.

2. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

3. Банк инсайдерлерінің Банктің инсайдерлік ақпаратына және осы Ережелерге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету мақсатында осы Ережелер мемлекеттік және орыс тілдерінде ҚЕД-нің Интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының Интернет-ресурсында (Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) осы қор биржасының тізіміне енгізілген және сонда болған жағдайда) орналастырады, сондай-ақ Банкпен мүдделі тұлғалардың сұратуы бойынша Ережелердің көшірмелерін дайындауға кеткен шығындардың шегінен аспайтын мөлшерде төлем жасауды қоспағанда ақысыз ұсынады.

4. Осы Ережелерді Банктің барлық қызметкерлері орындауы тиіс.

2-тарау. Негізгі ұғымдар мен терминдер

5. Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) *Банк* – «Altyn Bank» Акционерлік қоғамы (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі);

2) *ҚЕД* – Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийі;

3) *Банктің инсайдерлік ақпараты* – коммерциялық құпияны құрайтын Банктің бағалы қағаздары немесе туынды қаржы құралдары, олармен жасалған мәмілелер, сондай-ақ олардың эмитенті ретінде Банк туралы, оның жүзеге асыратын қызметі туралы сенімді ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, жария болған жағдайда Банктің бағалы қағаздарының және/немесе туынды қаржы құралдарының құнының өзгеруіне, сондай-ақ Банктің қызметіне әсер етуі мүмкін басқа ақпарат;

4) *Банк инсайдері деп танылған тұлғаның инсайдерлік ақпараты* – Банк инсайдері деп танылған басқа тұлғаның бағалы қағаздары немесе туынды қаржы құралдары, олармен жасалған мәмілелер туралы сенімді ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, жария болған жағдайда бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнының өзгеруіне және Банк инсайдері деп танылған тұлғалардың қызметіне әсер етуі мүмкін басқа да ақпарат;

5) *инсайдер* – инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға;

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа тұлғаға қатысты инсайдер деп танылған жағдайда қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банк инсайдері деп танылған басқа тұлғаның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлері де сондай тұлғаның инсайдерлері болып танылады;

6) *жауапты бөлімшелер:*

- ✓ Ішкі аудит департаменті,
- ✓ Комплаенс департаменті,
- ✓ Қазынашылық департаменті,
- ✓ Ақпараттық технологиялар департаменті,
- ✓ Ақпараттық қауіпсіздік департаменті,
- ✓ Бақылау және бюджеттеу департаменті,
- ✓ Қаржылық және операциялық тәуекелдер департаменті,
- ✓ Банк филиалдарының директорлары,
- ✓ Заң департаменті,
- ✓ Бөлшек бизнес блогының бизнес тәуекелдері басқармасы,
- ✓ Операциялық және қаржылық блоктың бизнес тәуекелдері басқармасы,
- ✓ Бухгалтерлік есеп басқармасы,
- ✓ Қазынашылықтың бэк офис басқармасы;

7) *инсайдерлер тізімі* – Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың тізімі, сондай-ақ осы Ережелердің 5-тарауына сәйкес Банк инсайдері деп танылған тұлғаның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың (Банк қызметкерлерінің) тізімі. Инсайдерлердің тізімін жүргізу және жаңарту тәртібі осы Ережелермен айқындалады;

8) *қызметкерлер* – еңбек шарты бойынша Банк қызметкерлері;

9) *Банктің басшы қызметкерлері* – Банктің жекелеген бөлімшелерінің бірінші басшыларын және олардың бас есепшілерін, Банктің бас есепшісін қоспағанда, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін және (немесе) қадағалайтын, банктік операцияларды жүзеге асыруға негіз болатын құжаттарға қол қою құқығы бар Банктің бірінші басшысы және Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарманың бірінші басшысы мен мүшелері, Банктің басқа да басшылары. Сонымен қатар басшы емес Банк қызметкерлері – банктік операцияларды жүзеге асыруға негіз болатын құжаттарға қол қою құқығы бар және бір ғана құрылымдық бөлімшенің қызметін қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар.

3-тарау. Мақсаттар мен міндеттер

6. Осы Ережелердің мақсаты Банктің инсайдерлік ақпаратты пайдалануды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ іскерлік бедел деңгейін көтеру, корпоративтік басқаруды жоғары дәрежеде ұстау, сондай-ақ Банк қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

7. Осы Ережелер Банктің инсайдерлік ақпаратының тізбесін айқындайды, Банктің және Банк инсайдері деп танылған басқа тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына билік етуді және пайдалануды қадағалау тәртібін, оны жария ету, инсайдерлер тізімін жүргізу тәртібі мен шарттарын, инсайдерлер үшін белгіленген шектеулерді, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты жария ету үшін жауапкершілікті айқындайды.

4-тарау. Инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпарат тізбесі

8. Банктің инсайдерлік ақпараты келесі ақпаратты қамтиды:

- 1) Банктің қаржылық есептілігі;
- 2) қаржылық есептіліктен басқа Банктің қаржылық жағдайына қатысты өзге ақпарат, соның ішінде, бірақ шектелмей, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентін есептеу туралы ақпарат, пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы ақпарат;
- 3) бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Банк қызметіндегі өзгерістер туралы ақпарат:
 - а) Банк органдарының құрамындағы өзгерістер;
 - б) Банктің дауыс беретін жарнақағаздарының он және одан да көп пайызына иелік ететін акционерлер құрамындағы өзгерістер;

- с) Банкті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - д) Банк мүлкіне тыйым салу;
 - е) Банк активтерінің он және одан да көп пайызына тең сомада Банк мүлкін кепілге (қайта кепілге) қою;
 - ф) Банк лицензиясын алу, тоқтата тұру немесе одан айыру;
 - г) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері;
 - h) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ақпарат акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс мәселелер тізбесі бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;
 - і) Банкке жарнақағаздарының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызы тиесілі ұйымдардың тізбесіндегі өзгерістер;
 - j) эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіндегі өзгерістер;
 - к) Банктің мемлекеттік емес облигацияларды шығару проспектісінде көзделген шарттарды сақтамауы, Банк жол берген дефолт фактілері туралы ақпарат (Банк облигациялар шығарған кезде);
 - 4) Банктің корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат:
 - а) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер;
 - б) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ақпарат акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс мәселелер тізбесі бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;
 - с) Банктің жарнақағаздарды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Банктің бағалы қағаздарын өтеу нәтижелері туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;
 - д) Банктің ірі мәмілелер және бір мезгілде келесі шарттарға жауап беретін мәмілелерді жасауы: Банктің мүддесі бар және құны Банктің уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасау туралы шешімді қабылдаған күнгі Банк активтерінің жалпы теңгерімдік құнының он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер;
 - е) нәтижесінде Банк активтерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат, онда мәміле тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылған активтер, мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы ақпарат, сондай-ақ бар болған жағдайда мәміле туралы басқа да ақпарат қамтылуы тиіс;
 - ф) Банк активтерінің бес және одан да көп пайызына тең сомада Банк мүлкін кепілге (қайта кепілге) қою;
 - г) Банктің өз меншікті капиталының жиырма бес және одан да көп пайызы мөлшерінде қарыз алуы;
 - h) Банктің қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсаттар алуы, Банктің қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға бұрын алған рұқсаттарының қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату;
 - і) Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;
 - j) Банк мүлкіне тыйым салу;
 - к) теңгерімдік құны Банктің жалпы активтерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Банк мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;
 - l) Банкті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
 - m) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;
 - n) Банкті мәжбүрлеп қайта құру туралы шешімдер;
 - о) Банктің жарғысына, сондай-ақ Банктің бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Банк акционерлері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын басқа да оқиғалар.
9. Банк инсайдерлік ақпаратқа жатқызған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпарат ретінде анықталған өзге де ақпарат.

10. Инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Ережелерге сәйкес пайда болған сәттен бастап оны тұлғалардың шектеусіз санына жарияланған сәтке дейін инсайдерлік ақпарат болып табылады.

11. Банктің инсайдерлік ақпаратына келесілер кірмейді:

1) жалпыға қолжетімді ақпарат негізінде дайындалған ақпарат, соның ішінде инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операциялар жүзеге асыру бойынша ұсынымдар дайындау мақсатында бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының) құнына, Банктің қаржылық жағдайына қатысты зерттеулер, болжамдар және бағалау;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) шыққан көзі белгісіз, тұлғалардың кең ауқымы арасында таратылатын, расталмаған ақпарат, сондай-ақ эмитент ретінде Банктің ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

5-тарау. Банк инсайдерлері

12. Инсайдерлер деп келесі тұлғалар танылады:

12.1. **Банкте:**

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелері;
- 2) Басқарма мүшелері,
- 3) Банк комитеттерінің мүшелері (Кадр және сыйақы комитетінің мүшелерін қоспағанда),
- 4) Бас есепші,
- 5) Бас тәуекел менеджері,
- 6) Бас комплаенс-бақылаушы,
- 7) Корпоративтік хатшы,
- 8) Басқарушы директорлар,
- 9) Блоктардың басшылары; Департамент директорлары,
- 10) дербес Басқармалардың/Бөлімдердің басшылары,
- 11) Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің көмекшілері,
- 12) Банк Басқармасының және Комитеттерінің хатшылары (Кадр және сыйақы комитетін қоспағанда),
- 13) Жауапты басқармалардың қызметкерлері;
- 14) Банктің Жауапты бөлімшелеріне жатпайтын бөлімшесінің, бірақ:
 - тиісті жобаға қатысуына байланысты инсайдерлік ақпаратқа уақытша қол жеткізе алатын;
 - лауазымдық жағдайына және/немесе еңбек міндеттеріне байланысты басшысының шешімі (пікірі) бойынша инсайдерге жатқызылған қызметкері.

12.2. **Банктен тыс/басқа тұлғалар:**

1) лауазымдық жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын эмитенттің қызметкерлері;

2) эмитенттің дауыс беретін жарнақағаздарының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иеленуіне, пайдалануына және (немесе) билік етуіне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар;

3) инсайдерлік ақпаратты жария етуді көздейтін (оның ішінде ауызша) шартқа сәйкес эмитентке қызмет көрсететін аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және өзге де тұлғалар;

4) тізбесіне эмитент шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;

5) сауда жүйесінде эмитенттің бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасының директорлар кеңесі мен листингтік комиссиясының мүшелері;

6) уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері, өздеріне берілген функциялары мен өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын мемлекеттік қызметкерлер;

7) мүшелері осы тармақшаның 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген эмитенттер және ұйымдар болып табылатын, өздеріне берілген өкілеттіктер бойынша инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар;

8) осы тармақшаның 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың лауазымдық жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкерлері;

9) осы тармақшаның 1)-8) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

6-тарау. Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың тізімін жүргізу және өзектілігін қамтамасыз ету тәртібі

13. Банктің инсайдерлік ақпаратына және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздарға (туынды қаржы құралдарына) билік етуді және пайдалануды қадағалауды қамтамасыз ету мақсатында Банк осы Ережелерге 1-қосымшаға сәйкес жаңартылып отыруы тиіс инсайдерлер тізімін жүргізеді.

14. Комплаенс департаменті Банк инсайдерлеріне олардың инсайдерлер тізіміне енгізілгені (инсайдерлер тізімінен шығарылғаны) туралы, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының және осы Ережелердің инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және пайдалануға қатысты талаптары туралы тұлғаны тізімге енгізу (тізімнен шығару) үшін негіз пайда болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Ережелерге 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша e-mail арқылы тікелей хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) жіберу арқылы хабарлайды.

15. Осы Ережелердің 12.2-тармағының 3) – 5), 8), 9) тармақшаларында көрсетілген Банк инсайдерлері лауазымдық жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлерінің тізімін Банктен сұрау алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде немесе жаңартылған жағдайда оған өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке беруге міндетті.

16. Инсайдер қол қойылған нысанды Комплаенс департаментіне бес (5) жұмыс күні ішінде тапсыруы керек.

17. Инсайдерлер тізімін жүргізуге, оның өзектілігін қамтамасыз етуге, Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғаларды инсайдерлер тізіміне енгізілгені (тізімнен шығарылғаны) туралы хабардар етуге, инсайдерлерді Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және пайдалануға қатысты талаптары және осы Ережелер туралы хабардар етуге жауапты бөлімше Комплаенс департаменті болып табылады.

18. Егер тұрақты негізде Банк инсайдерлері тізіміне енгізілген Банк қызметкерлері инсайдерлік ақпараттың басқа санатына уақытша (мысалы, жобаға қатысуына байланысты) қол жеткізсе, мұндай қызметкерлерді инсайдерлер тізіміне енгізу/шығару туралы хабарламаны қайта жіберу талап етілмейді.

19. Инсайдерлер тізіміне Комплаенс департаментінің жауапты қызметкерлері қол жеткізе алады.

20. Осы Ережелердің 12.2-тармақшасын және 40-тармағын орындау мақсатында: азаматтық-құқықтық қатынастар (мәмілелер, шарттар жасасу) кезінде орнатылатын құқықтық қатынастар шеңберінде тұлғалармен жасалатын Банктің инсайдерлік ақпаратын жария ету қарастырылатын шартта аталмыш тұлғалардың өз инсайдерлер (лауазымдық жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлер) тізімін жүргізу, өз инсайдерлік тізіміне енгізген қызметкерлерді тізімге енгізу/шығару туралы хабардар ету, инсайдерлік ақпаратты жария ету және/немесе заңсыз

пайдалану үшін жауапкершілік, сондай-ақ осы Ережелерде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде Банкке өз инсайдерлер тізімінің көшірмесін беру міндеттемелері көзделуі мүмкін.

21. Осы Ережелердің 12-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды Банк инсайдерлерінің тізіміне енгізу (тізімнен шығару) және Банк инсайдерлеріне қатысты белгіленген процедураларды сақтау мақсатында қызметкерлері инсайдерлік ақпаратқа уақытша қол жеткізе алатын тиісті бөлімшенің басшысы, сондай-ақ осы Ережелердің 12-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынастарды орнатуға жауапты бөлімшенің басшысы сол тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығын беруге/инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығын тоқтатуға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды Банк инсайдерлері тізіміне енгізу/Банк инсайдерлері тізімінен шығару қажеттілігі туралы Комплаенс департаментіне тиісті негіздемемен қызметтік жазбахат жолдауға міндетті.

22. Мұндай қызметкерлерді инсайдерлер тізіміне енгізу/шығару қажеттілігі туралы түпкілікті шешімді Бас комплаенс-бақылаушы қабылдайды.

23. Инсайдерлер тізімін уақытылы жаңарту мақсатында Қызметкерлермен жұмыс істеу департаменті Комплаенс департаментіне Банк қызметкерлерін қабылдау және ауыстыру туралы хабарлайды. Қызметкерді жұмыстан шығарғанда кету парағына қол қою кезінде жұмыстан шығатын қызметкер Комплаенс департаментінің тексеруінен өтуге міндетті. Егер жұмыстан шығатын қызметкер инсайдер болса, қызметкер осы Ережелерге 3-қосымшадағы нысандағы Инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарламаға қол қояды.

7-тарау. Банк инсайдері деп танылған тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі

24. Банк өзара орнатылған азаматтық-құқықтық қатынастар, талаптары тұлғаның Банкке инсайдерлік ақпаратын жария етуді көздейтін шарттар шеңберінде инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғаға қатысты инсайдер деп танылады.

25. Лауазымдық жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банк инсайдер деп танылған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлері де сол тұлғалардың инсайдерлері болып табылады.

26. Банк инсайдері деп танылған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк пен оның қызметкерлері қол жеткізе алатын инсайдерлік ақпаратқа билік ету мен пайдалануды қадағалауды дербес қамтамасыз етуге міндетті.

27. Банк осы Ережелердің 24-тармағында көзделген негіздер бойынша инсайдер деп танылған жағдайда осы Ережелердің 24-тармағында көрсетілген тұлғалар Банкке оны инсайдер ретінде тану және инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарламаны жіберуге жауапты болады. Егер Банк инсайдері деп танылған тұлғаның инсайдерлер тізіміне енгізілгені туралы хабарлама алмаса, Банк инсайдерлік ақпарат ретінде танылуы мүмкін ақпаратты жария ету үшін жауапты болмайды.

28. Осы Ережелердің 24-25-тармақтарында көзделген негіздер бойынша инсайдерлер болып табылатын Банк пен оның қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ережелердің Банк инсайдері деп танылған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына билік ету және пайдалану тәртібі туралы талаптары қолданылады.

29. Комплаенс департаменті Банктің инсайдер ретінде танылғаны және Банк инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың инсайдерлерінің тізіміне енгізілгені туралы хабарламаны алғаннан кейін:

1) лауазымдық жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты сол тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлерінің тізімін жүргізеді;

2) Банк қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ережелердің Банк инсайдері деп танылған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға қатысты талаптары туралы хабардар етеді;

3) Банк инсайдері деп танылған тұлғаларды лауазымдық жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты аталған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге құқығы

бар Банк қызметкерлері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде хабарлайды.

30. Осы Ережелердің 29-тармағының 2)-3) тармақшаларының мақсаттары үшін Банк инсайдері деп танылған тұлғалардан инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және пайдалануға ішкі қадағалау жүргізу ережелерін сұратуға құқылы.

31. Осы Ережелердің 24-тармағында көрсетілген тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлерінің тізімін Комплаенс департаменті жүргізеді.

32. Осы Ережелердің 24-тармағында көрсетілген тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлерін хабардар ету тиісті қызметтік жазбахат жіберу арқылы жүзеге асырылады.

33. Банк бөлімшелері Банкке инсайдерлік ақпаратты жария етуді көздейтін шарттарды жасасу кезінде тиісті келісімдердің жасалғаны туралы Комплаенс департаментін хабардар етуге және Банк инсайдері деп танылған тұлғаның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің тізімін шарт жасасқан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберуге міндетті.

34. Бөлімшелер сұрауды алған немесе шарт жасасқан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, қызметкерлер тізімін жаңартып отыруға және өзекті ақпаратты Комплаенс департаментіне ұсынуға міндетті.

35. Комплаенс департаменті жауапты бөлімшелерден тиісті келісімдерді, келісімдер шеңберінде инсайдерлер болып табылатын қызметкерлердің тізімдерін, сондай-ақ осы Ережелердің 29-тармағының мақсаттары үшін өзге де ақпаратты сұратуға құқылы. Сұралған ақпаратты Комплаенс департаментінің жауапты бөлімшелері сұрауды алған күннен бастап 5 (бес) күннен кешіктірмей береді.

36. Банк қызметкерлерін Банк инсайдері деп танылған тұлғалардың инсайдерлері тізімінен шығару Банктің инсайдерлер тізімінен шығарылғаны туралы хабарлама алған жағдайда немесе Банк инсайдер деп танылған тұлғамен шарттық қатынастар тоқтатылған жағдайда жүзеге асырылады, сол туралы жауапты бөлімшелер Комплаенс департаментін хабардар етуге міндетті.

8-тарау. Инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды қадағалау

37. Банк қызметкерлері өз қызметін жүзеге асыру және Банк клиенттеріне қызмет көрсету барысында Банктің инсайдерлік ақпаратын және/немесе Банк инсайдері деп танылған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратын құрайтын мағлұматтарды пайдалануға және/немесе жария етуге жол бермейтін шарттарды қадағалауды және сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

38. Инсайдерлердің:

1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға құқығы жоқ;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді етуге құқығы жоқ;

3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпарат негізінде бағалы қағаздармен мәмілелер жасау бойынша ұсынымдар беруге құқығы жоқ.

39. Осы Ережелердің сақталуын қадағалау:

1) Қызметкерлерді осы Ережелермен Банктің ішкі сайтында орналастыру, барлық қызметкерлерге қолжетімді желілік ресурста орналастыру, сондай-ақ электрондық құжат айналымы арқылы хабарламалар жіберу арқылы қызметкерлерді хабардар ету арқылы таныстыру;

2) Комплаенс департаментінің инсайдерлер тізімін жаңартып отыруы;

3) Инсайдерлерге, егер олар осы Ережелерде және заңнамада тыйым салынған әрекеттерді жасаса, шара қолдану, оның ішінде, бірақ шектелмей: осы Ережелердің сақталуын талап ету,

осы Ережелердің талаптарының сақталуын қадағалауды күшейту, тәртіптік жазалау шаралары және басқа да шаралар қолдану;

4) Осы Ережелердің 4-тарауында көрсетілген Банктің инсайдерлік ақпаратына заңсыз қол жеткізу және пайдалану мүмкіндігінің алдын алуды қадағалау арқылы жүзеге асырылады.

40. Осы Ережелердің 12.2-тармағында көрсетілген инсайдерлер:

1) лауазымдық жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлерінің тізімін жүргізуге міндетті;

2) өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ережелердің инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салуға қатысты талаптары туралы хабардар етуге міндетті;

3) осы Ережелерде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде лауазымдық жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлері туралы Банкке хабарлауға міндетті.

41. Инсайдерлер қызметтік міндеттерін орындау үшін ақпаратты қажет етпейтін үшінші тұлғалардың және олардың қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуін шектеу үшін қажетті шараларды қолдануға міндетті.

42. Банк инсайдерлерінің тізімі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға оның жазбаша сұрау салуы бойынша талапта көрсетілген мерзімдерде инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар туралы мәліметтерді жария ете отырып ұсынылады.

43. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға ұсынылатын Банк инсайдерлерінің тізімінде Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалар туралы келесі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, туған күні;
- 2) заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың деректемелері;
- 3) тұлға инсайдер ретінде айқындалатын инсайдерлер тізіміне тұлғаны енгізу үшін негіз;
- 4) инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіз туындаған күн;
- 5) инсайдерлер тізімінен шығару күні.

9-тарау. Банк қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратқа билік етуін және пайдалануын қадағалау ерекшеліктері

44. Банктің жауапты бөлімшелерінің басшылары және инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Банк қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындау үшін мұндай ақпаратты қажет етпейтін Банктің басқа қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың оған қол жеткізуін шектеу үшін қажетті шараларды қолдануды қамтамасыз етуге міндетті.

45. Банктің жауапты бөлімшелерінің басшылары инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын және инсайдерлер тізіміне енгізуге жататын, қолжетімділік сипаты тұрақты немесе уақытша болып табылатын өз бөлімшесінің қызметкерлерінің тізімін жасайды.

Қызметкерді осы тармақта көрсетілген тізімге енгізу критерийі қызметкердің лауазымдық жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу қажеттілігі болып табылады.

46. Банктің инсайдерлері болып табылатын жауапты бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері Комплаенс департаментіне ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына, сондай-ақ оны ұсыну мерзімдерінің сақталуына және өзектілігін (соның ішінде инсайдерлердің деректерінің өзектілігін) қамтамасыз етуге жауапты.

47. Инсайдерлік ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету мақсатында мазмұны инсайдерлік ақпаратқа қатысты жобаға кейіннен жобаға қатысушылар пайдаланатын белгілі бір кодтық атау берілуі мүмкін.

48. Инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз жария ету немесе инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттарды (ақпарат тасымалдаушыларды) жоғалту қаупі немесе фактісі анықталса, инсайдер – Банк қызметкері сол туралы өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға міндетті, тікелей басшы өз кезегінде Комплаенс департаментін және Бас комплаенс-бақылаушыны дереу хабардар етеді.

49. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Банк қызметкерлері инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алмайтын тұлғалардың қатысуымен инсайдерлік ақпаратқа қатысты талықлау жүргізбеуі тиіс.

50. Банк Басқармасының Төрағасы және/немесе Банк Басқармасының мүшелері немесе Банк Басқармасы Төрағасының тиісті бұйрығымен арнайы уәкілеттік берілген тұлғалар ғана инсайдерлік ақпарат пайдаланылуы мүмкін талдаушылармен және инвесторлармен кездесуге қатыса алады, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарына ресми сұхбат бере алады.

10-тарау. Инсайдерлік ақпаратты жария ету тәртібі мен мерзімдері

51. Банктің қызметі туралы жалпыға қолжетімді емес ақпарат, егер бұл ақпарат Банктің мүлiктік және қаржылық жағдайына әсер етуі салдарынан Банк шығарған (ұсынған) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер етуі мүмкін болса, ресми түрде ашылғанға (жарияланғанға) дейін инсайдерлік ақпарат болып саналады.

Банк қызметі туралы жалпыға қолжетімді ақпарат оған қол жеткізуді талап етпейтін немесе шектеулер қойылмаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жария етілуге жататын ақпаратты білдіреді.

52. Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 102-бабының 2-тармағына сәйкес Банк ҚЕД Интернет-ресурсында жария етуге жататын ақпарат пен құжаттар тізбесіне кірмейтін инсайдерлік ақпарат немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде оны жария етудің тәртібі мен мерзімдері белгіленбеген ақпаратқа қатысты емес инсайдерлік ақпарат осы Ережелерде айқындалған тәртіпте және мерзімде жария етіледі;

53. Банктің инсайдерлік ақпаратына жататын ақпаратты жария ету оны Банктің www.altyni.kz Интернет-ресурсында, ҚЕД Интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Ережелерде, Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіпте мемлекеттік және орыс тілдерінде барлық мүдделі тараптар үшін ашық қолжетімді түрде жүзеге асырылады.

54. Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізілген жағдайда Банк және Банк инсайдерлері деп танылған тұлғалар жария етілген жағдайда Банк және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнының өзгеруіне және Банк қызметіне әсер ететін Банк және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпараттың жария етілуін қор биржасының ережелерімен белгіленген тәртіпте және шарттармен сол бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) жүргізілетін сауда-саттық басталғанға дейін қамтамасыз етеді.

55. Осы Ережелердің 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Банк қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын ҚЕД Интернет-ресурсында орналастырылады және осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Банктің www.altyni.kz Интернет-ресурсында жарияланады.

56. Осы Ережелердің 8-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген Банктің корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат ҚЕД Интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде орналастырылады.

57. Жария ету мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелерімен белгіленбеген өзге де инсайдерлік

ақпаратты, егер осындай ақпаратты заңсыз тарату немесе оның жайылып кетуі Банктің бағалы қағаздарының (туынды қаржы құралдарының) құнының өзгеруіне әсер етсе, Банк мұндай ақпаратты мүмкіндігінше қысқа мерзімде жария етуі тиіс.

58. Тізбесі осы Ережелерде белгіленген бірқатар дереккөздер арқылы инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) арқылы жария еткен кезде инсайдерлік ақпаратты алғаш рет орналастыру (жариялау) күні инсайдерлік ақпаратты жария ету күні болып есептеледі.

59. Банктің Интернет-ресурсында жарияланған Банктің инсайдерлік ақпараты жарияланған күннен бастап бір жыл ішінде тұлғалардың шектеусіз санына қолжетімді болуы тиіс.

60. Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының сауда-саттық жүйесінде айналымда болған кезде инсайдерлік ақпаратты тұлғалардың кең ауқымы арасында жария етуді көздейтін хабарламалар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасына жіберіледі, содан кейін Банктің www.altyni.kz Интернет-ресурсында орналастырылады.

Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының және шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының сауда-саттық жүйелерінде бір мезгілде айналымда болған кезде инсайдерлік ақпаратты тұлғалардың кең ауқымы арасында жария етуді көздейтін хабарламалар тізімдерінде Банктің бағалы қағаздары бар барлық қор биржаларына бір уақытта жіберіледі, содан кейін олар Банктің www.altyni.kz Интернет-ресурсында орналастырылады.

11-тарау. Банктің инсайдерлік ақпаратын жария етуді кейінге қалдыру

61. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жағдайларда Банк өз заңды құқықтарын қорғау мақсатында, сонымен бірге жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, инсайдерлік ақпаратты жария етуді кейінге қалдыруы мүмкін, егер:

1) мұндай кейінге қалдыру қоғамды/инвесторларды Банктің қаржылық жағдайына қатысты жаңылыстырмаса;

2) ақпарат құпиялық негізде ұсынылса;

3) Банк сол ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ете алса.

62. Осы Ережелердің 61-тармағының мақсаттары үшін заңды құқықтарды қорғау келіссөздер (соның ішінде, бірақ шектелмей, Банктің тұрақты қаржылық жағдайын сақтауға бағытталған келіссөздер) жүргізу үшін Банктің инсайдерлік ақпаратын жария етуді кейінге қалдыруды білдіреді, себебі, мұндай ақпаратты жария ету мұндай келіссөздердің нәтижесіне немесе барысына теріс әсер етуі мүмкін, сондай-ақ Банк Басқармасы Директорлар кеңесі мақұлдауы тиіс шешім қабылдаған жағдайда инсайдерлік ақпаратты жария етуде кейінге қалдыруды білдіреді, себебі, мұндай шешімді оның алдағы уақытта мақұлданатынын хабарлай отырып жария еткен жағдайда инвесторлардың мұндай ақпаратты қате бағалау қаупін тудырады.

63. Банк қандай да бір күтпеген маңызды оқиғаға тап болған жағдайларда, егер инсайдерлік ақпаратты жария етуді кейінге қалдыру Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмесе, мән-жайды анықтау үшін инсайдерлік ақпаратты жария етуді қысқа мерзімге кейінге қалдыруға рұқсат етіледі.

64. Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгілі бір инсайдерлік ақпаратты жария етуге жауапты тиісті бөлімше қажетті фактілерді анықтауға және жағдайды бағалауға дейін инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз жария ету мүмкін деп есептеуге негіз болған жағдайда, сондай-ақ инсайдерлік ақпарат осындай ақпарат құпия негізде сеніп тапсырылған тұлғалар тарапынан жария етілгенде немесе жария ету қаупі төнген жағдайларда алдын ала ақпараттық хабарламаның жариялануын қамтамасыз етеді.

65. Жауапты бөлімшелердің басшылары мұндай жағдайлардың орын алғаны туралы тиісті хабарлама жіберу арқылы Комплаенс департаментіне хабарлайды.

66. Бұқаралық ақпарат құралдарында инсайдерлік ақпаратты құрайтын және айтарлықтай дәрежеде сенімді ақпаратқа негізделген жарияланымдар мен мағлұматтар пайда болған жағдайда Банк осы Ережелерде белгіленген тәртіпте мұндай ақпаратты жария етуді кейінге қалдырмау қажеттілігін бағалайды.

67. Инсайдерлік ақпаратты жария етуді кейінге қалдыру немесе қалдырмау туралы шешімді Банк Басқармасының Төрағасы (оның орнындағы тұлға) қабылдайды.

12-тарау. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік

68. Осы Ережелердің 8-тарауында көрсетілген шектеулерді орындамаған, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда мұндай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауапкершілікке тартылады.

69. Банк қызметкерлері болып табылатын инсайдерлер де Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

13-тарау. Қорытынды ережелер

70. Осы Ережелер Банктің Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді және белгіленген тәртіпте күші жойылды деп танылған күннен бастап күшін жояды.

71. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгеруіне және/немесе толықтырылуына қарай өзгертуге және/немесе толықтыруға жатады.

«Altyn Bank» Акционерлік қоғамында (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі)
инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және
пайдалануды ішкі қадағалау ережелеріне
«Инсайдерлердің тізімі» 1-қосымшасы

Занды тұлғалар үшін

_____ ж. күнгі жағдай бойынша «Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі) инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын занды тұлғалардың тізімі							
№	Занды тұлғаның атауы		Орналасқан жері	Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері	Тізімге енгізуге негіз	Инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіз туындаған күн	Тізімнен шығару күні

Жеке тұлғалар үшін

_____ ж. күнгі жағдай бойынша «Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі) инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын жеке тұлғалардың тізімі							
№	Тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Туған күні	Занды тұлғаның атауы, орналасқан жері, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері	Тізімге енгізуге негіз	Инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіз туындаған күн	Тізімнен шығару күні

«Altyn Bank» Акционерлік қоғамында (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі)
инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және
пайдалануды ішкі қадағалау ережелеріне
2-қосымша

Құпия

**«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)
инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарлама**

Хабарламаны жолдау күні:
«__» _____ 20__ ж.

Сіздің «Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) (бұдан әрі – Банк) инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын мүмкіндігіңіз болғандықтан, Сіз Қазақстан Республикасы заңнамасының және «Altyn Bank» Акционерлік қоғамында (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі) инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды ішкі қадағалау ережелерінің талаптарына сәйкес Банк инсайдерлерінің тізіміне енгізілдіңіз.

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу тоқтатылған жағдайда Сіз Банк инсайдерлері тізімінен шығарыласыз, сол туралы Сізге жазбаша түрде хабарланады.

Инсайдерлік ақпарат – коммерциялық құпия болып табылатын Банктің бағалы қағаздары немесе туынды қаржы құралдары, олармен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ олардың эмитенті ретінде Банк туралы, оның жүзеге асыратын қызметі туралы сенімді ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, жария етілген жағдайда Банктің бағалы қағаздарының және/немесе туынды қаржы құралдарының құнының өзгеруіне, сондай-ақ Банк қызметіне әсер етуі мүмкін басқа да ақпарат.

Банк инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғаларды мұндай ақпаратты иеленудің құқықтық салдарымен, оның ішінде инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану немесе тарату үшін санкциялармен таныстыру үшін қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға қойылатын шектеулер

Банктің инсайдері ретінде Сіздің:

1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға құқығыңыз жоқ;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді етуге құқығыңыз жоқ;

3) инсайдерлік ақпарат негізінде үшінші тұлғаларға бағалы қағаздармен мәмілелер жасау бойынша ұсынымдар беруге құқығыңыз жоқ.

Құпиялықты сақтау туралы міндеттеме

Сізде бар немесе болашақта болатын инсайдерлік ақпарат қатаң құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға жария етілмеуі тиіс. Уәкілеттігі жоқ тұлғалардың инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуін шектеу үшін Сіз барлық қолжетімді тиімді шараларды қолдануыңыз тиіс.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік

Жоғарыда көрсетілген шектеулерді сақтамаған, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық, әкімшілік және өзге де жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін, сондай-ақ, егер Банк қызметкері болсаңыз, Сізге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жазалау шаралары қолданылуы мүмкін.

Осы хатқа қол қою арқылы Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында инсайдерлерге қатысты белгіленген жоғарыда аталған шектеулерді қабылдайтыныңызды, сондай-ақ жоғарыда аталған инсайдерлік ақпаратты жария етпеу міндеттемелерін қабылдайтыныңызды және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және тарату үшін қолданылатын санкциялармен танысып шыққаныңызды растайсыз.

Осы хабарламаға қол қоюыңызды және қол қойылған хабарламаны оны алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке қайтаруыңызды сұраймыз. Осы хабарламаға қол қою арқылы мен Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Банкке дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, соның ішінде, бірақ шектелмей, дербес деректерімді Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес уәкілетті органдар мен ұйымдарға, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на, Банк акционеріне және оның еншілес ұйымдарына беруге, сондай-ақ дербес деректерімді трансшекаралық тасымалдауға, соның ішінде Заңның 16-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тасымалдауға келісімімді беремін.

.....
(Т.А.Ә., қолы, туған күні)

.....
(Күні)

«Altyn Bank» Акционерлік қоғамында (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі)
инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және
пайдалануды ішкі қадағалау ережелеріне
3-қосымша

**«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі)
инсайдерлері тізімінен шығару туралы хабарлама**

Хабарламаны жолдау күні:

«_____» _____ 20__ ж.

Сіз лауазымдық жағдайыңызға және еңбек міндеттеріңізге байланысты «Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) (бұдан әрі – Банк) инсайдерлік ақпаратына қол жеткіздіңіз және Қазақстан Республикасының заңнамасының және «Altyn Bank» Акционерлік қоғамында (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі) инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды ішкі қадағалау ережелерінің талаптарына сәйкес Банк инсайдерлерінің тізіміне енгізілдіңіз.

Еңбек шартыңыздың (_____ №_____ бұйрық) бұзылуына байланысты Сіз Банк инсайдерлерінің тізімінен шығарылдыңыз.

Құпиялықты сақтау туралы міндеттеме

Сізде болған инсайдерлік ақпарат қатаң құпия болып табылады және жария етілмеуі тиіс.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік

Құпиялық талаптарын сақтамаған, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық, әкімшілік және өзге де жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін.

Осы хатқа қол қою арқылы Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында инсайдерлік тұлғаларға қатысты белгіленген жоғарыда аталған шектеулерді қабылдайтыныңызды, сондай-ақ жоғарыда аталған инсайдерлік ақпаратты жария етпеу міндеттемелерін қабылдайтыныңызды және инсайдерлік ақпаратты теріс пайдалану үшін қолданылатын санкциялармен танысып шыққаныңызды растайсыз.

Осы хабарламаға қол қоюыңызды және қол қойылған хабарламаны оны алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке қайтаруыңызды сұраймыз.

.....
(Т.А.Ә., қолы)

..... (күні)